

"Өртке қарсы қызмет жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 445 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 365 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36713 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өртке қарсы қызмет жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 445 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15422 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 73) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өртке қарсы қызмет қызметінің жарғысында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Жарғы гарнизон қызметін ұйымдастыру бойынша талаптар бөлігінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының (бұдан әрі – МӨҚҚО) жеке құрамына, сондай-ақ кәсіби өртке қарсы қызмет қызметкерлері мен ерікті өртке қарсы құралымдар жұмыскерлеріне қолданылады.";

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өртке қарсы қызметтің күштері мен құралдары (бұдан әрі – күштер мен құралдар) – МӨҚҚО жеке құрамы, кәсіби өртке қарсы қызметтердің және ерікті өртке қарсы құралымдардың қызметкерлері, өрт сөндіру техникасы, байланыс және басқару құралдары, өрт сөндіргіш заттар және жарақтағы басқа да техникалық құралдар;"

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Төтенше жағдай (ахуал) жарияланған кезде аумақтық орган басшысының шешімімен бойынша гарнизон уәкілетті орган басшысының келісімі бойынша казармалық жағдайға ауыстырылады.

Гарнизонды казарма жағдайына көшіру кезінде жеке құрамды тамақтандыруды ұйымдастыра отырып, қызмет атқарудың күшейтілген нұсқасы жүзеге асырылады.";

22-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өрт сөндіру техникасын, ӨТЖ мен жабдықтары, өрт сөндіру құралдарын техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ТҚК), жөндеу және пайдалану жұмыстарын

ұйымдастыруда бөлімшелердің бастықтарына тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсетеді, анықталған кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдайды;"

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Министрліктің барлық аумақтық органдарында, мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері қарауылдарының жеке құрамы ауысымдардың (қарауылдардың) бірыңғай реттік нөмірлерімен, тәулік бойы 4 ауысымды режимде кезекшілікті жүзеге асырады.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Бөлімнің байланыс пункті (бұдан әрі – ББП) диспетчері (радиотелефонист):

ББП барлық қолда бар техникалық байланыс құралдарына келіп түскен өрт, ТЖ туралы хабарламаларды дәл қабылдауға, беруге және тіркеуге және ақпаратты өңдеуге, шақыру орнына қарауылдың (бөлімшелердің) кезекшілерін уақытында және дұрыс жіберілуін жүргізеді;

кезекші қарауылдың (бөлімшелердің) өртке, басқа ТЖ орнына жіберілгені туралы Өрт байланыс орталық пункті (бұдан әрі – ӨБОП) және бөлімше басшыларына уақтылы баяндама жүргізеді;

ББП техникалық құралдары мен жабдықтарының сақталуын және дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етеді.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. ББП диспетчері (радиотелефонист):

1) кезекшілікке түскен кезде:

ББП құжаттаманы, мүлікті және техникалық құралдарды тізімдеме бойынша қабылдайды;

ББП техникалық құралдардың, резервті қоректендіру көздерінің болуын, тазалығын, жай-күйін және жарамдылығын тексереді;

ауысатын диспетчерден (радиотелефонисттен) ағымдағы шығулар, сондай-ақ бөлімше басшылығының өкімдері мен нұсқаулары туралы мәліметтерді алады;

2) кезекшілік кезінде:

қарауылдың бастығынан (кезекші ауысым басшысынан) күштер мен құралдар (жеке құрамның, өрт техникасының, өртсөндіргіш заттары мен ЖЖМ саны) туралы мәлімет алады;

байланыс құралдары мен техникалық жабдықтардың ақаулықтары туралы мәліметті осы Жарғыға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байланыс құралдарын қабылдау-тапсыру журналына енгізеді;

өзара іс-қимыл жасау қызметтерімен байланыс ұстайды және қажет болған жағдайда өрт, басқа да ТЖ аудандарына жібереді;

осы Жарғыға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуліктің түнгі мезгілінде балалар, емдеу және басқа да мекемелерде болатын адамдарды есепке алу журналын жүргізеді;

телефон арқылы барлық қоңырауларға дереу "Өртке қарсы қызметі" деп жауап беруге, ал ішкі телефонға өзінің лауазымы мен тегін атайды, мысалы: "диспетчер (радиотелефонист) Ахметова";

өту жолдарының жабылуы, өртке қарсы сумен жабдықтаудың істен шығуы және жедел ахуалдың басқа да өзгерістері туралы ақпарат алған кезде дереу ӨБОП-дағы кезекші қарауылдың бастығына (кезекші ауысым басшысы), баяндайды және алынған ақпаратты тиісті журналдарға енгізеді;

қарауылдық қызметті тексеруге құқығы бар лауазымды тұлғалар ББП үй-жайына барған кезде, "Майор мырза. Диспетчер (радиотелефонист) Ахметова" деген нысан бойынша баяндайды;

3) шақыруларды өңдеген кезде:

кезекші қарауылдарының шығу жолдамасында мынадай ақпаратты:

шақыру объектісінің мекенжайы;

объектінің атауы;

объектінің орналасқан жері туралы басқа да мәліметтерді;

не және қайда жанып жатқаны (немесе ТЖ туралы басқа мәлімет);

нешінші қабатта (немесе жертөледе) жанып жатқаны;

ғимараттың қабаттылығы (немесе биіктігі);

адамдарға төнген қатердің болуы;

ӨБОП диспетчерінің тегін;

ТЖ туралы хабар алынған уақытын, күнін тіркейді және қолын қояды;

ӨБОП аға диспетчердің (гарнизон диспетчері) басқа нұсқауы болмаса шығу кестесінде көзделген күштер мен құралдарды тарту жоспарымен жіберу туралы шешім қабылдайды;

шешім қабылданғаннан кейін бірден "Дабыл" сигналын береді;

қарауылдың шығу жолдамасын, сондай-ақ өрт сөндіру жоспарын немесе (бар болған жағдайда) карточкасын кезекші қарауылдың бастығына (кезекші ауысым басшысына) береді;

4) шығуларды сүйемелдеу кезінде:

өрт немесе басқа ТЖ шыққан кезекші қарауылмен (бөлімшемен) радиобайланыс орнатады және ұстайды;

өрт немесе басқа ТЖ туралы қосымша ақпаратты нақтылайды, қарауылдың бастығына (кезекші ауысым басшысына) шақыру орнына бару кезінде, ӨБОП аға диспетчеріне (гарнизон диспетчеріне) және бөлімше басшыларына дереу береді;

осы Жарғыға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бөлімшенің шығуын есепке алу журналына уақытты белгілеумен, өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде лауазымды тұлғалардың барлық қабылдаған шешімдерін тіркеуді жүзеге асырады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Төтенше жағдайлар басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтары және олардың орынбасарлары кәсіби өртке қарсы қызмет қызметкерлердің дайындығын, сондай-ақ тиісті аумақтағы бақылаудағы объектілердің өртке қарсы жай-күйін бақылауды және тексеруді, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, объектілердің өртке қарсы жай-күйі туралы хабар береді.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Өртке қарсы қызмет жасағының бастығы өрт сөндіру басқармасының басшысына бағынады.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Өрттен немесе өрт-тактикалық оқу-жаттығулардан, сабақтардан қайтып оралған кезде қарауыл бастығының (кезекші ауысым басшысының) бақылауы және тікелей қатысуы арқылы кезекші қарауылды және техниканы 10 минут ішінде әзірлікке келтіру жүзеге асырылады. Бұл ретте:

жүргізушілер автомобильдерге ЖЖМ толық құяды (бөлімшеден тыс жанармай құйған кезде бөлімшенің барлық жеке құрамы шығады);

қарауылдың өрт сөндіру есептоптарының жеке құрамы, ӨТҚ және жабдықты, өрт сөндіру жеңдері мен жеке құрал-жабдықтарды ауыстырады, өрт сөндіру автомобильдерін өртсөндіргіш заттармен толықтырады;

қарауыл бастығы (кезекші ауысым басшысы) техниканы өрт сөндіру есептобына қою және қарауылдың шығуға дайындығы туралы ӨБОП-ға баяндайды;

жүргізушілер мен жеке құрам өрт сөндіру техникасына ТҚ өткізеді, жеке гигиена шараларын жүзеге асырады.";

көрсетілген Жарғыға 5, 6, 12-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі*

Ч. Аринов

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 27 тамыздағы
№ 365 бұйрығына 1-қосымша

Өртке қарсы қызметтің жұмыс
жарғысына 5-қосымша
нысан
Бекітемін
Өрт сөндіру және авариялық-құтқару
жұмыстары
басқармасының бастығы

(аймақтың атауы)

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса))

20__ жылғы " __ " _____

20__ жылғы " __ " _____ саптық жазба

Өрт сөндіру бөлімшелерінің атауы	ӨСБ (МӨСБ, ОБ) штаты	Ж/к тізімі бойынша қарауылда	Жеке құрамның шығысы бойынша						Газ-үтіннен қорғаушылар/аппараттар	Жоқ				отын бензин / дизотын
			Барлығы	Есеп	Қарауыл бастығы	Бөлімше командирі	Жүргізушілер	Өрт сөндірушілер	Диспетчерлер (радиотелефоншылар)		Оқудемалысы / декрет	Ауру	Іссапар	Басқа себептер
1 - ӨСБ														
2 - ӨСБ														
БАРЛЫҒЫ:														

кестенің жалғасы

Өрт сөндіру техникасы					
Есепте		Резервте		Жөндеуде	
Негізгі өрт сөндіру автомобилінің түрі	Арнайы өрт сөндіру автомобилінің маркасы	Негізгі өрт сөндіру автомобилінің түрі	Арнайы өрт сөндіру автомобилінің маркасы	Негізгі өрт сөндіру автомобилінің түрі	Арнайы өрт сөндіру автомобилінің маркасы
АЦ-7-40 АЦ-3,2-40	-	АЦ-2,5-40	-	АЦ-7-40	-
АЦ-7-40					

КМӨА				АС-30		АЦ-2,5-40		-		АЦ-7-40				-	
Өрт сөндіру бөлімдерінің атауы	Есептегі автомобильдерде бар										Қоймалар (көбінесе радиотелефоншылар)	Диспетчер (радиотелефоншылар)	Қарауыл бастығы немесе оның ауыстыратын тұлғалар	бөлім бойынша жауапты	
	Жеңкұбырлар			Лафетті оқпандар тұрақты/тасымалы	ГПС-600, "Пурга"/УП	Тасымалы. р/ст	Электрощамдар/проекторлар	ТОК/Л-1	Құтқарғыш арқандар	көбі түзгіш есепте					
	77 мм	66 мм	51 мм												
1 - ӨСБ															
2 - ӨСБ															
БАРЛЫҒЫ:															

Гарнизон бойынша жауапты _____

ӨСКБ кезекші ауысымы:

Шұғыл кезекші _____

Аға көмекші _____

Көмекші _____

Аға диспетчер _____

Диспетчер _____

Диспетчер (радиотелефоншы) _____

Ескертпе:

- 1) позициялар саны гарнизон бастығының шешімімен ұлғаюы мүмкін;
- 2) өртке қарсы қызмет гарнизонында автоматтандырылған жұмыс орны болмаған жағдайда саптық жазбалар журналы енгізіледі.

бұйрығына 2-қосымша
Өртке қарсы қызметтің
жұмыс жарғысына
6-қосымша

Гарнизон қызметін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттар тізбесі

Р/с №	Құжаттардың атауы	Толтыру, жанарту мерзімділігі	Сақталу орны	Сақталу мерзімі
1	2	3	4	5
	Гарнизон бөлімшелерінің шығу кестесі (			

1.	Күштер мен құралдарды тарту жоспары)	қажеттілігіне қарай, бірақ екі жылда бір реттен кем емес	ӨБОП (ауданның ББП)	жаңасымен ауыстырылғанға дейін
2.	Коммуналдық және шұғыл қызметтермен (қаланың, ауданның), сондай-ақ өртке қарсы қызметтің ведомстволық бөлімшелерімен (қажеттілігіне қарай) өзара іс-қимыл Алгоритмдары	қажеттілігіне қарай	ӨБОП	күші жойылғанға немесе жаңасымен ауыстырылғанға дейін
3.	Азаматтық қорғаныс жөніндегі құжаттар: 1. Азаматтық қорғаудың өртке қарсы қызметін құру туралы бұйрық. 2. Азаматтық қорғаудың өртке қарсы қызметі туралы ереже. 3. Облыстың (қала, аудан) АҚ жоспары. 4. Азаматтық қорғаудың басқару және күштер органдарын даярлау бойынша іс-шаралар жоспары. 5. Жеке құрамды құлақтандыру схемасы.	қажеттілігіне қарай	ӨБОП, сейфте	жаңасымен ауыстырылғанға дейін
4.	Кезекшілік кезінде гарнизон бойынша жедел кезекшіге жоспар-тапсырма	күнделікті	ӨСКҚ	бір жыл
5.	Бөлімшелер мен гарнизонның лауазымдық тұлғаларының шақыртулар тізбесі	қажеттілігіне қарай	ӨБОП (ӨСКҚ, сейфте)	жаңасымен ауыстырылғанға дейін
6.	Кәсіпорындар мен елді мекендердегі өрт сөндіру жедел	қажеттілігіне қарай	ӨБОП – электронды (режимді, аса маңызды,	

	жоспарлары мен карточкалары		стратегиялық объектілерге – қағаз түрінде)	жаңасымен ауыстырылғанға дейін
7.	Елді мекен (аудан) су көздерінің планшеті	жылына екі рет және қажеттілігіне қарай	ӨБОП, жедел кезекшінің автомобилі	жаңасымен ауыстырылғанға дейін

Ескертпе:

1) құжаттарды әзірлеу тәртібін және олардың орындалуына (жаңартылуына) жауаптыларды гарнизон бастығы белгілейді;

2) өртке қарсы қызмет гарнизонында автоматтандырылған жұмыс орны болмаған кезде бөлімшелердің шығуын есепке алу журналы және саптық жазбалар журналы енгізіледі;

3) өртке қарсы қызмет гарнизонының бөлімшелері орналасқан және өрт сөндіру бөлімдерінің шығу аудандарының шекаралары, аса маңызды және режимдік кәсіпорындар бөлген су көздері көрсетілген қаланың (ауданның) жоспар - картасы электрондық форматта жүргізіледі.

бұйрығына 3-қосымша
Өртке қарсы қызметтің
жұмыс жарғысына
12-қосымша
нысан

Қызмет кітабының 1-парағы
(мұқаба парағы)

_____ өрт сөндіру бөлімінің қызмет кітабы

Басталды: _____

Аяқталды: _____

Қызмет кітабының жалғасы

2-парағы. (сегіз парақ бөлінеді)

20__ жылғы " ____ " _____

_____ қарауылдың жеке құрамының

ТІЗІМІ

р/с №	тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Атағы	Лауазымы, тағайындалған күні	Туған күні	Білімі, не аяқтады, мамандығы	Ө С Қ бойынша және басқа спорт түрінен разряды	Ү й мекенжайы және телефоны
1	2	3	4	5	6		8

мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдері үшін

- дозиметрлік аспаптар _____

- қорғаныш костюмдері

Резервте: - өрт сөндіру автомобильдері _____

- сығымдалған ауадағы аппараттар _____

Ішкі наряд

Наряд түрі	Тегі	Түсетін уақыты

Қызмет кітабының жалғасы

11-парақ

(кезекшілік кезіне арналады)

Тексерген

_____ бастығы

(қолы)

1. Қарауыл қызметінің нәтижелері: өртке, аварияларға, сабаққа және т.б. шығулар

Шығу мақсаты	Мекенжайы	Қ а н д а й автомобильдер шықты	Уақыты	
			шыққан	оралған

Өртке қарсы сумен жабдықтаудың табылған жарамсыздықтары және шығу ауданындағы жабық өту жолдары

Істен шыққан немесе зақымдалған ӨТЖ, өрт сөндіру жеңқұбырлар, басқа да техникалық құралдар

ӨТЖ, оның ішінде өрт сөндіру жеңқұбырларының, техникалық құралдардың, байланыс құралдарының атауы	Қолдану орны, мекенжайы	Зақымдалу сипаты

Қарауылдағы оқиғалар (тәртіпті, қауіпсіздік техникасы мен басқа да бұзушылықтар)

Ішкі нарядтың қызметті өткеруін тексеру кезінде ашылған кемшіліктер

